

**БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ - IQAA**

**СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ  
ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП**

**Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті**

**6B01701/5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті»**

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ АККРЕДИТАЦИЯСЫ**

**Нұр-Сұлтан 2021**


## СОСТАВ ВНЕШНЕЙ ЭКСПЕРТНОЙ ГРУППЫ



**Тлеужанова Гульназ Кошкимбаевна**

**Руководитель группы**


Декан факультета иностранных языков КарУ имени академика Е.А. Букетова, к.п.н., ассоц. Профессор



**Jolita Sliogeriene**

**Международный эксперт**


директор кафедры иностранных языков Гедиминас Технического Университета, д.ф.н., профессор



**Кыяхметова Шара Асетовна**

**Эксперт**


Заведующая кафедрой «Казахский язык», к.фил.н., Жетысуский университет имени И. Жансугурова



**Темирханова Анипа Антаевна**

**Представитель работодателей**

Завуч Средней Общеобразовательной Школы №24



**Кульбаева Бибигуль Тулегеновна**

**Представитель работодателей**

Директор ясли-сада «Айголек», г. Жезказган



**Елеусизова Шолпан Сериковна**

**Представитель студентов**

Докторант 2 года обучения, программа «Казахский язык и литература», Жетысуский университет имени И. Жансугурова

---

Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности.

**Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің 6B01701/5B011700 -  
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының өзін-өзі бағалау  
есебінің әр стандарты бойынша сәйкестік деңгейі**

Стандарты	Отметьте уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел в ВУЗе для каждого стандарта			
	Полное соответствие	Значительное соответствие	Частичное соответствие	Несоответствие
<i>Стандарт 1</i> Политика в области обеспечения качества и академическая честность	+			
<i>Стандарт 2</i> Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией		+		
<i>Стандарт 3</i> Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка		+		
<i>Стандарт 4</i> Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация	+			
<i>Стандарт 5</i> Профессорско-преподавательский состав	+			
<i>Стандарт 6</i> Учебные ресурсы и поддержка студентов	+			
<i>Стандарт 7</i> Информирование общественности	+			

## МАЗМҰНЫ

### ТАРАУ 1

<b>Кіріспе .....</b>	<b>5</b>
<b>ЖОО-ның негізгі сипаттамасы</b>	

### ТАРАУ 2

#### **СЫРТҚЫ АУДИТ БОЙЫНША ЕСЕП**

##### **Кіріспе**

Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі

Стандарт 1 Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты.....6

Стандарт 2 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және, ақпараттарды басқару.....9

Стандарт 3 Студентке орталықтандырылған оқыту, оқыту және бағалау.....13

Стандарт 4 Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау.....17

Стандарт 5 Профессор-оқытушылар құрамы.....19

Стандарт 6 Оқу ресурстары және студенттерді қолдау.....21

Стандарт 7 Жұртшылықты ақпараттандыру.....25

### ТАРАУ 3

<b>Қорытынды.....</b>	<b>27</b>
-----------------------	-----------

#### **Қосымшалар**

##### **Қосымша 1**

Сыртқы аудит бағдарламасы

##### **Қосымша 2**

Интервьюға қатысқандардың тізімі

## КІРІСПЕ

6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша студенттерді даярлау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті 2010 жылғы 03 ақпанындағы № 168 бұйрығына сәйкес Сериясы АБ № 0137384 лицензиясының № 0106915 қосымшасы негізінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарына, бакалавриат және магистратура даярлау бағыты бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жүзеге асырылуда. 6B01701/5B011700 - «Қазақ тіл мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мазмұны ұлттық деңгейде қабылданған нормативтік талаптар мен университеттің миссиясы мен стратегиялық мақсаттарына сәйкес (қоғам мен еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын бәсекеге қабілетті мамандар даярлау) айқындалған. Білім беру бағдарламасының мақсат-міндеттері анық қойылған. Білім беру бағдарламасын жетілдіру мен түзету жұмыстарында жүйелілік принципі басшылыққа алынатындығын жыл сайын Ұлттық білім және жоғары білімнің Еропалық стандарты аясында жүргізілетін іс-шаралар жоспары айғақтайды. Білім беру бағдарламасының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатын мониторингтеу, тиімділігін бағалау, қайта қарау әдісі ретінде, университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелерінде үнемі сауалнама жүргізілетіндігі, оның нәтижелері және кері байланыс түрлері талданып отыратындығы да расталды.

Сапаны қамтамасыз ету саласындағы университет саясаты барлық меншік формасындағы тұтынушыларды заңға және нормативтік талаптарға сәйкес анықталған білім беру қызметімен үнемі қамтамасыз етіп отыруға, осыған орай еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіби мамандарды даярлауға, Жезқазған-Ұлытау аймағындағы ғылым, білім орталығы болуды мақсат тұтқан заманауи жоғары оқу орнына айналуға бағытталған.

Университетте сапамен қамтамасыздандыру саясаты жоспарлы түрде іске асырылатындығы ректор, проректорлармен жүргізілген сұхбат, оқу-жұмыс жоспары мен пәннің оқу бағдарламалары, шығарушы кафедраның хаттамалары мамандарды даярлау сапасына үнемі көңіл бөлінетіндігін және осы бағытта әртүрлі іс-шаралар атқарылатындығын дәлелдейді.

6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» бағдарламасының стратегиялық менеджменті осы бағдарламаны жүзеге асыру үдерісін қамтиды және бағдарламаның тұрақтылығына, ұзақ уақыттағы табыстық жетістіктеріне бағытталған.

Білім беру бағдарламасын қалыптастыруда аймақтың және мемлекеттің экономикасын дамыту мен еңбек нарығының сұранысы есепке алынған.

6B01701 - «Қазақ тіл мен әдебиеті» мамандығы бойынша бакалавр мамандарды даярлау 1996 жылдан жалпы білім негізінде күндізгі және сырттайғы оқу нысандары бойынша қазақ тілінде жүзеге асырылып келеді. Бакалавриаттың алғашқы түлектері күндізгі бөлім бойынша 2000 жылы бітірген. Жоғары білімнің кәсіби оқу бағдарламасын меңгеруде қорытынды аттестаттаудан табысты өткен тұлғаларға 6B01701/5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша «білім бакалавры» академиялық дәрежесі беріледі.

## **СТАНДАРТ 1. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЖӘНЕ БББ-НЫҢ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ**

6B01701/5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мақсаттары университет миссиясы, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес іске асырылады. Университет миссиясы ұлттық білім беру жүйесінің мақсат-міндеттері Қазақстан мен Жезқазған өңірінің дамуына сәйкес, яғни аймақтық инновациялық даму үрдістерімен және білім беру саласының ұлттық жүйесі мәселелерімен тығыз байланысты.

6B01701/5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының стратегиялық менеджменті мамандық бойынша білім берудің барлық үдерісін қамтиды және бағдарламаның ұзақ мерзімді жетістігіне әрі тұрақты болуына бағытталған.

Мүдделі тараптардың негізгі талаптарын қамтамасыз ету және оқу үдерісін ары қарай жетілдіру үшін білім беру бағдарламасын жоспарлау және оларды жүзеге асыру ресурстарын бөлу ЖОО-ның стратегиялық жоспарына сәйкес орындалады. Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің стратегиялық жоспары жасалған. Құжатта білім беру қызметінің сапасын жақсартуға бағытталған, нәтижесінде білім беру бағдарламаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыратын шаралар, нәтижелер мен нақты тапсырмалар анықталған.

Университет саясаты ресми мәртебеге ие және оқу үдерісіне қатысатын барлық тұлғалар мен қызығушылар үшін қолжетімді болып табылады. Оның мәтіні Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің [univer@zhez.kz](mailto:univer@zhez.kz)

сайтына салынған. Білім беру бағдарламасының саясаты университет саясатының құрамдас бөлігі болып табылады және университеттің стратегиялық мақсаты мен міндеттерін негізге ала отырып құрылады және оған сәйкестендіріліп жасалады. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты қабылдаудан және бекітуден бұрын университетте ректордың бұйрығымен арнайы жұмыс тобы құрылады. Жұмыс тобы ұсынған жоба құрылымдық бөлімдерге таратылып, талқылауға беріледі. Талқылаудан өтіп, тиісінше өзгертулер енгізілген білім беру бағдарламасын сапамен қамтамасыз ету саласындағы саясат қабылданып, университеттің Ғылыми кеңесінде жыл

сайын бекітіледі. Одан соң ол университеттің барлық құрылымдық бөлімдеріне таратылып, таныстырылады да, хаттамамен рәсімделеді.

6B01701/5B011700 - «Қазақ тіл мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мақсаты - қазақ тіл білімінің және әдебиеттануының салалары бойынша негізгі білімді меңгерген, алған теориялық білімін іс жүзінде пайдаланып, осы жолда жаңа технологияларды оңтайлы қолдана алатын бәсекеге қабілетті жоғары білікті маман даярлау.

6B01701/5B011700 - «Қазақ тіл мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда оқытудың жаңа технологиясын жетік меңгерту және оны жұмыс барысында оңтайлы пайдалана білуге үйрету; жалпы тіл біліміндегі, әдебиеттану ғылымындағы осы заманғы ғылыми концепциялар мен жетістіктер туралы мәліметтер беру; ұлттық әдебиеттің жалпы даму жолы, белесті кезеңдері, көркемдік-эстетикалық мәселелері жөнінде түсінік қалыптастыру; қазақ тілінің фонетикалық, лексикалық, сөзжасамдық, морфологиялық және синтаксистік құрылымы мен теориялық мазмұнын терең меңгерту; қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемелік мәселелерін терең меңгерту; әлемдік әдебиеттің даму жолы мен бүгінгі жайы туралы мәлімет беру; көпшілік алдында шешен де мәнерлі сөйлеу машығын қалыптастыру сынды міндеттерді атқарады.

Сыртқы орта жағдайларының өзгеруіне сәйкес бағдарламаның ұзақ мерзімді бағыттарына өзгерістер енгізіліп, жаңа мақсаттар қою арқылы жетілдіріліп отырады. Ол үшін білім беру бағдарламасын жүйелі түрде мониторингілеу, студенттердің білім деңгейі мен оқытушылардың құзіреттіліктерін бағалау жүргізіледі. Университетте білім беру бағдарламаларының сапа деңгейін анықтайтын нақты өлшемдер мен көрсеткіштер әзірленген және кемшіліктерді жою шараларын енгізу тетігі жасалған. Кафедра оқытушылары өз жұмыстары жайлы ақпараттарды жүйелі түрде жинастырады және талдаулар жүргізіп отырады, ұтымды жақтары мен осал тұстарына баға береді, соның негізінде кафедраның стратегиялық жоспары құрылған.

6B01701/5B011700 - «Қазақ тіл мен әдебиеті» білім беру бағдарламалары өз қызметінде Университеттің Ғылыми кеңесімен бекітілген «Академиялық саясатты» басшылыққа алатындығы сыртқы аудит барысында расталды ([univer@zehz.kz](mailto:univer@zehz.kz)).

Академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті қолдау мақсатында және студенттерге, оқытушылар мен қызметкерлерге қатысты кез-келген төзбеушіліктен немесе кемсітушіліктен қорғау үшін кафедрада кешенді жұмыстар жүргізіліп, іс-шаралар ұйымдастырылып отыратындығы көңілге қонымды, мысалы, «Ата заңым - айбыным», «Менің құқым мен міндеттерім» тақырыптарында кураторлық сағаттар, «Сұрағым бар...», «Ішкі ережелердің заңға сәйкестігі» атты тақырыптарда дөңгелек үстелдер мен құқық қорғау қызметкерлерімен кездесулер өткізілген. Осындай мақсатпен педагогика ғылымдарының докторы, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің профессоры Т.Р.

Қалкенова «Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісінің кейбір аспектілері» тақырыбында дәріс оқыған.

Университет және кафедра аясында білім беру бағдарламасының сапасын арттыру мақсатында сыбайлас-жемқорлыққа қарсы іс-шаралар өткізіліп тұрады. Жыл сайын сессия алдында сыбайлас-жемқорлыққа қарсы кураторлық сағаттар («Парақорлық – қауіпті дерт»), дөңгелек үстелдер («Жемқорлық: туындау жолдары, зардабы және жауапкершілік»), «Біз сыбайлас-жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында плакаттар сайысын ұйымдастыру қолға алынған. «Таза сессия» акциясы, «Сенім жәшігі», «Адалдық сағаты» т.б.

Университетте академиялық адалдықты қолдау бағдарламасы Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Жемқорлыққа қарсы тұру туралы» Заңдарына, университеттің Этика Кодексі, Жарғысына, ішкі тәртіп Ережелеріне және жалпылай қабылданған моральді-этикалық нормаларға сәйкес жасалған.

Университеттің корпоративтік мәдениеті серіктестік, академиялық еркіндік және адалдық, университеттік дәстүрлерді сақтау және нығайту принциптеріне негізделген, бұл студенттерді бәсекеге қабілеттілік, кәсіби құзыреттілік, жеке және азаматтық жауапкершілік рухында тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Білім алушылардың ПОҚ ұсынған пәндерді ғылыми-шығармашылық бейімділігіне, қызығушылық бағыттарына қарай еркін таңдауларына толық мүмкіндік бар. Сонымен қатар оқитын пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін және анықтамалық сипаттағы т.б. материалдарды, іс-тәжірибеден өту барысында жасалатын жұмыс жөніндегі нұсқаулық материалдарды, сондай-ақ электронды кітапхана ресурстарын пайдалануға, өз беттерінше ізденуге, оқытушылармен еркін пікір алмасуға, яғни оқытушылардың ғылыми әрі педагогикалық әлеуетін тиімді пайдалануға толыққанды жағдай жасалған.

Әрбір оқытушы, қызметкерлер және білім алушылар «Корпоративті этика Кодекстің» нормаларын ұстана отырып, корпоративті құндылықтарды, университеттің академиялық репутациясын, ішкі мәдени сапаны сақтауға өзіндік үлес қосады. «Корпоративті этика Кодексі» және «Академиялық адалдық Ережесі» оқытушыларға, қызметкерлер мен студенттерге арналған бірыңғай талаптарды анықтайды. Аталған құжаттар университеттің сайттарында көрсетілген.

### ***Жақсарту шаралары:***

1. ПОҚ және білім алушылармен сұхбат барысында олардың мамандандырылған аккредитацияның мақсат-міндеттерімен, университет, кафедра миссиясымен, сонымен қатар білім беру бағдарламасын сапаны қамтамасыз ету саясатымен жетік таныс емес екендіктері, білім беру бағдарламасын сапамен қамтамасыз ету саласындағы саясатты талқылауға оқытушылар, студенттер, кафедра қызметкерлерінің сирек қатысуы байқалды. Сондықтан білім беру бағдарламасын сапамен қамтамасыз ету саласындағы



саясатты талқылауға студенттерді, оқытушыларды және жоғары білікті маманды қажет етуші тарап ретінде білім беру мекемелерінің озық тәжірибелі мамандарын, арнайы құрылған жұмыс тобын шақыру мәселесі оң шешімін табуы қажет етеді.

2. 6B01701/5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы мақсаттарын бағалау үшін ПОҚ, қызметкерлер мен студенттер, жұмыс беруші және басқа мүдделі тұлғалар арасында белгіленген мерзімде сауалнамалар жүргізу арқылы жетістік деңгейін бағалау және талдау, айтылған ұсыныстар негізінде нәтижелерін жүйелеу, толықтыру, жетілдіру жұмыстары жүргізіліп, сол арқылы білім сапасын жақсарту шаралары жоспарлы, жүйелі түрде іске асырылуы керек.

3. Оқу жоспары мен қойылған міндеттердің орындалуын бақылауды, оларды жетілдіру үшін кері байланысты қамтамасыз ететін білім беру бағдарламасын сараптау және сапасын бағалаудың ішкі үзіліссіз, тиімді тетігі бойынша 6B01701/5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын сараптау және бағалаудың мониторингісін жасап, динамикасын көрсету керек.

## **СТАНДАРТ 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ, БЕКІТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТАРДЫ БАСҚАРУ**

Университетте білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту, іске асыру, мониторинг жүргізу және тиімділігін бағалау білім беру бағдарламасын басқарудың біртұтас үдерісі ретінде жүзеге асырылады. 5B011700/ 6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы МЖМБС-қа («Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Үкіметінің 2012 жылдың 23 тамызындағы №1080 қаулысына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен өзгертіліп, толықтырылған), «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №90 бұйрығына, 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) және кәсіби стандарт пен үлгілік оқу жоспарына сәйкес құрастырылып, жүзеге асырылады.

5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында жүргізілетін пәндер тізімі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарына сәйкес 3 модульден тұрады: жалпы білімдік модуль (ЖБМ); базалық модуль (БМ); кәсіптендіру модулі (КМ).

Пәндерді оқытудың логикалық жүйелілігі пәндердің типтік, оқу-жұмыс бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде пререквизиттер мен постреквизиттер жүйесімен анықталған. Студенттің оқу жұмысы әр оқу жылының семестрлеріне теңдей бөлінген. Оқу жоспарының міндетті компоненттері бойынша білім беру бағдарламасы мазмұны ҚР МЖМБС

талабына сәйкес. Оқу-жұмыс жоспарының мазмұны мен құрылымы типтік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогына сәйкес. Таңдау компоненттері жұмыс берушілер ұсыныстары негізінде енгізілген. Мамандықтың (МОӘК) және пәндердің (ПОӘК) оқу-әдістемелік кешендері толық және білім алушыларға қолжетімді. Қазақстандық еңбек нарығындағы талаптарға сай модульдік білім беру бағдарламасы Дублин дескрипторында белгіленген оқытудың бес басты нәтижесіне: білім мен түсінуге, білімді қолдану мен түсініп қолдануға, талқылауды қалыптастыруға, коммуникативтілік қабілеттерді жетілдіруге, білім алу қабілетін арттыру мен жаңашылдыққа негізделіп жасалған.

5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы мазмұны Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңында айқындалған білім деңгейіне сәйкес еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттайтын, білім, білік пен дағды, жеке әрі кәсіби құзыреттерден тұратын Ұлттық біліктілік жүйесінің 6-шы деңгейіне сәйкес әзірленген және кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне, құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасына қойылатын талаптарды айқындайтын кәсіби стандарт талаптарын орындайды. Тұтынушылардың (студенттер, ата-аналар, жұмыс берушілер мен академиялық қауымдастықтар) талап-тілектерін қанағаттандырады.

Кафедрада жүргізілетін барлық пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер құрастырылған. Студенттер силлабустар мен қазіргі заман талабына сай электрондық дәрістер, презентациялар, белсенді үлестірме материал, аудио және видеоматериалдармен қамтамасыз етілген. Барлық оқу-әдістемелік материалдар мен дәрістердің электрондық нұсқалары, электрондық оқулықтар, тест жинақтары университет кітапханасында жинақталған.

Білім беру бағдарламасы мақсаттарын бағалау және таңдау пәндерін толықтыру үшін ОПК, қызметкерлер мен білімгерлер, жұмыс берушілер мен басқа мүдделі тұлғалар арасында үнемі сауалнама жүргізіліп, білім беру сапасы жандандырылып отыруы тиіс.

6B01701/5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдаламасы бойынша бакалавриат бағдарламасына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы №111 Қаулысына (2012 жылдың 19 сәуіріндегі №487, 2012 жылдың 30 маусымындағы №896 өзгерістерімен) сәйкес жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі және жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар қабылданады. 6B01701/5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдаламасына қабылданған студенттердің салыстырмалы талдауы қосымша берілген.

Студенттер контингентін сақтау мақсатында курс бағдарламасын орындаған, бірақ курстан курсқа көшуге қажетті балл жинай алмаған студентке орташа үлгерім балын (GPA) келесі курсқа көшуге қажетті деңгейге жеткізу мақсатында жазғы семестр ұйымдастырылып, пәндерді ақылы негізде қайта оқып, қайта емтихан тапсыруға мүмкіндік беріледі.

Пәндерді кезегімен оқытудың логикалық жүйелілігі пәндердің типтік, оқу-жұмыс бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізіндегі пререквизиттер мен постреквизиттер жүйесімен анықталған. Студенттің оқу жұмысы әр оқу жылының семестрлеріне теңдей бөлінген. Оқу жоспарының міндетті компоненттері бойынша білім беру бағдарламасы мазмұны ҚР МЖМБС талабына сәйкес. Оқу-жұмыс жоспарының мазмұны мен құрылымы типтік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогына сәйкес. «Абайтану», «Қазақ жазуының тарихы», «Шешендік өнер және риторика тарихы», «Қазақ әдеби тілінің тарихы», «Қазақ әдеби сынының тарихы», «Стилистика», «Орфография және пунктуация» таңдау компоненттері жұмыс берушілер ұсыныстары негізінде енгізілген. Мамандықтың (МОӘК) және пәндердің (ПОӘК) оқу-әдістемелік кешендері толық және білім алушыларға қолжетімді. Бағдарламада студенттердің тұлғалық дамуына ықпал ететін, арнайы құзыреттіліктерді қалыптастыратын, шығармашылық қабілетін дамытушы компоненттер бар.

Кафедрада жүргізілетін барлық пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер құрастырылған. Студенттер силлабустар мен қажетті әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілген. Барлық оқу-әдістемелік материалдар мен дәрістердің электрондық нұсқалары, электрондық оқулықтар, тест жинақтары университет кітапханасында жинақталған.

Білім беру бағдарламаларын ішкі сараптау барысында негізгі рөлді кафедра атқарады. Сараптау өлшемдері элективті пәндердің өзектілігі, бітіру жұмыстарының тақырыптары, таңдау бойынша пәндерді оқу үшін кредит көлемінің негізділігі, пәндер мен практика бағдарламаларының жұмыс берушілермен келісілуі, практика базаларының мамандарды даярлау бағытына бейімдік сәйкестігі болып табылады. Нақты пәнді оқу бағдарламасына енгізудің мақсаттылығы білім алушылардың әлеуетті құзыреттілігі контекстінде айқындалады. Кафедраның ішкі сараптамасының нәтижелері элективті пәндер каталогын жаңарту, кредиттер санын өзгерту, дәріс және семинарлық сабақтардың арақатынасы, практика бағдарламалары мен практика базаларын айқындайды.

Есепте *«Білім беру бағдарламасына студенттер мен еңбек нарығы тарапынан сұраныс бар. Оны үнемі жүргізіліп отыратын сауалнамалар арқылы айқындауға болады. Әр жылдардағы жұмыс берушілердің ұсыныстары бойынша оқу жоспарына мына пәндер қосылды: «Абайтану», «Тіл мәдениеті», «Орфография және пунктуация». Элективті пәндер жұмыс берушілердің талаптары бойынша филологиялық (қазақ тіл білімі мен қазақ әдебиеттануы ғылымы бойынша) білімді талап ететін өзге қызмет түрлерінің салаларын қамтиды. Олар аударма мәселесі, мемлекеттік тілде іс жүргізу, сауатты жазу мен мәдениетті сөйлеу мәселеріне жауап береді»* деп жазылған. Осы мәселе төңірегінде кафедра меңгерушілеріне, оқытушы-профессор құрамына, жұмыс берушілерге, студенттерге сұрақтар қойылды, сонымен қатар, кафедраның соңғы үш оқу жылының құжаттары қаралды.

Жұмыс берушілермен байланыс дұрыс жолға қойылмаған, Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекітуде жұмыс берушілермен келісілмеген. Сұхбат барысында білім беру бағдарламасының оқу жоспарын талқылауға оқытушылар мен студенттердің де қатыстырылмайтындықтары, ұсыныс жасамайтындықтары, байланыстың жоқтығы анықталды.

***Ескерту:***

1. ЖОО мен жұмыс берушілердің ортақ мақсаты: оқу процесінде алған білімді, біліктілік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалануға қабілетті, нарықтық заманның сұранысы сай маман даярлау яғни теория мен практиканы ұштастыра отырып дайындау. Сондықтан жұмыс берушілермен жоғары оқу орны арасында білім беру бағдарламасын құрастыруға қатысу, мемлекеттік емтиханға комиссия мүшесі, диплом жұмыстары мен жобаларға рецензент, эксперименттен өткізу, студенттердің кәсіби практикаларының әдістемелік жетекшісі, түлектерді жұмысқа қабылдау, ЖОО профессор-оқытушы құрамымен бірлесіп, оқу-әдістемелік семинарларын ұйымдастыру, білім саласына байланысты өзгеріс-жаңалықтарға орай дөңгелек үстелдер өткізу, ЖОО профессор-оқытушы құрамын әртүрлі деңгейдегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының жетекшісі, кеңесшісі ретінде шақыру, білім беру бағдарламасындағы пәндерге сараптама жасау, дуальді білім беру бағдарламасын енгізуді жоспарлау бағытында байланыс орнатылуы керек.

2. Жезқазған өңірінің білім беру салалары мен еңбек нарығының сұраныстарына сай, тұтынушылардың талабы мен студенттердің жеке мүдделерін қанағаттандыратын элективті пәндерді оқу үдерісіне енгізу мәселесі оң жолға қойылып, стандартқа сәйкес «5B011700/ 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы еңбек нарығында түлектердің бәсекелестікке қабілеттілігін қамтамасыз ететін, құзырлы маман дайындау негізінде әзірленуі керек.

***Жақсарту шаралары:***

1. Университет жұмыс берушілердің, оқытушылар мен студенттердің модульдік білім беру бағдарламаларын жасау мен сараптаудағы рөлін күшейтуі керек. Еңбек нарығының қажеттіліктері туралы кеңірек хабардар болу үшін жұмыс берушілерді модульдік білім беру бағдарламаларын құрастыруға кеңінен тарту, жұмыс берушілердің ұсыныстары негізінде кәсіби пәндер үлесін арттыру ұсынылады.

2. Білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша жұмыс жүргізу: қолданыстағы пәндерді түзету, өзектілігін жоғалтқандарды жою, жаңа элективті пәндер енгізіп, еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жаңа әдістемелік курстар әзірлеу.

**СТАНДАРТ 3. СТУДЕНТКЕ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН  
ОҚЫТУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ**

Студент білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда басты қатысушы болып табылатындығы, сондықтан оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз етуде ең алдымен олардың қызығушылықтары ескерілетіндігі және оқыту студентке бағдарланғандығы жолға қойылған. Студенттер білім беру бағдарламасының негізгі тұтынушылары болып табылады, сондықтан оқыту үдерісін қамтамасыз етуде олардың мүдделері бірінші қатарда тұрады. Студенттердің өздігінен білім алуына баса назар аударылады және олардың талап-мүдделері үнемі ескеріліп отырылады. Олардың өз ойларын, пікірлерін ортаға салуы, бастама көтеруі және басқару істеріне араласу жағы да назарға алынған. Оқыту үдерісі оқытушы мен студент арасындағы сыйластық пен ынтымаққа, бірлескен қызметке құрылған. Білім беру ортасы студенттің тұлғалық, еркіндікке ұмтылу, дара тұлғалық пен кәсіби өсуге, өз бетінше жұмыс жасауға дағдылануға ұмтылуы, өзін сыйлауы сияқты сапалық қасиеттерін қалыптастырып, дамытуға жұмыс жасайды. Студенттердің академиялық мансабын ілгерілету мақсатында олармен бірінші курстан бастап білім беру бағдарламасы аясында төртінші курсты тәмамдағанға дейін жүйелі жұмыс жүргізіледі.

Білім алушылармен сұхбат барысында олардың эдвайзердің көмегімен мамандықтың үлгілік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) құратындықтары айғақталды. Ақпараттық жүйедегі силлабустардың электрондық нұсқасынан студенттер пәннің пререквизиті мен постреквизитін көре алады және пәнді жүргізетін оқытушыны таңдай алады. Бұл оқыту траекториясын дұрыс құруға негіз болады. Ақпараттық жүйедегі силлабустардың электрондық нұсқасынан студент пәннің пререквизиті мен постреквизитін көре алады, бұл білім алу траекториясын дұрыс құруға негіз болады және пәнді жүргізетін оқытушыны таңдай алады.

Студенттің жеке оқу жоспарымен (ЖОЖ) танысқанымызда студенттерге пәндер мен оқытушы таңдауда еркіндік берілетіні, өз бетімен әрекет етуге, шешім қабылдауға мүмкіндік жасалатындығына көзіміз жетті.

Бірінші курс студенттері үшін кафедра ПОҚ, эдвайзер, офис-тіркеуші бөлімі мен деканат қызметкерлері академиялық қолдау көрсету арқылы бағдарлау рәсімдерін өткізеді. Студентке оқытудың кредиттік технологиясы жайлы практикалық ақпарат беретін ақпараттық - анықтамалықтың электрондық нұсқасы университет сайтында, сонымен қатар, оқу үдерісін қамтамасыз ететін ақпараттық жүйедегі әр студенттің жеке парағында берілген.

Білім алушылармен тікелей байланыс сауалнама арқылы қамтамасыз етіледі, ол әлеуметтік сауалнама жүргізудің жылдық жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Осы мақсатта білім алушылардың бағдарламалардың, пәндердің сапасына, ресурстардың қолжетімділігіне қанағаттануын бағалауға мүмкіндік беретін әртүрлі сауалнамалар әзірленеді. Сауалнама жүргізу барысында білім алушыларға жабық және ашық сұрақтарға жауап беру, оқуды жақсарту

бойынша өз ұсыныстарын енгізу, сауалнама алаңында кез - келген түсініктеме беру ұсынылады.

Студентке бағдарланған оқыту үдерісіне аудиториялық сабақтарды қысқарту, өзіндік жұмыстардың көлемін ұлғайту және оларды басқару мен бақылау, бағалауды қажет ететін белсенді оқыту орта элементтерін талап етеді. Белсенді оқыту орта элементтерін қалыптастыруды (электронды оқулықтар, презентациялық материалдар, компьютерлік оқу жүйелері) оқытушылар жүзеге асырады. Студентке бағдарланған оқыту оқытушылардың оқу жұмыс жоспарын дұрыс құруға, оқу әдістемелік талдаулар жүргізуге, жаңа оқыту әдістәсілдерін таңдауға, мамандыққа сәйкес компьютерлік қосымшаларды тиімді пайдалануға көмектеседі.

Университетте студенттерге әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан көмек көрсетудің барлық жағдайы жасалған. Кешенді психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік консультациялық көмек білім бағдарламасына қатысатын барлық студенттерге негізделген. Психологиялық орталық студенттерге тәжірибелі мамандар тарапынан коммуникативтік, тұлғааралық, адаптациялық мәселелер жөнінен консультациялар берумен айналысады.

6B01701/5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатында оқу үдерісін ғылыми-зерттеу жұмыстармен ұштастыруға толық жағдай жасалған, оған жоғары оқу орнында білім алып жатқан барлық кезеңдерінде студенттерді тарту жұмыстары жолға қойылған. Оның ішінде, кафедра оқытушыларымен бірлесе отырып ғылыми жұмыстар жүргізу арқылы студенттің ғылымға деген қызығушылықтарын арттыру көзделген.

Студенттердің ғылыми-зерттеушілік қызметі жыл сайынғы факультеттердің ҒЗЖ жоспарлары негізінде жүргізіледі. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру мен дамытудың негізгі мақсаты жоғары кәсіби білімі бар мамандардың ғылыми дайындық деңгейін көтеру, ЖОО-ның, еліміздегі басқа да мекемелері мен ұйымдарының педагогикалық және ғылыми кадрларын толықтыру үшін ғылыми-техникалық үдерістің, экономикалық ойлар мен мәдени дамудың жаңаша жетістіктерінің негізінде талантты жастарды анықтау болып табылады. Зерттеу жұмысының қортындысы дөңгелек үстел, конференция, ғылыми семинарларда баяндалып, басылымдарда жарияланып отырған.

Білім беру бағдарламасы студенттерге ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысып, зерттеу әдістерімен танысуға мүмкіндік береді. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру университеттің академиялық саясатына сәйкес орындалады. Әрбір студентке ғылыми жетекші тағайындалады, оның міндетіне мақалалар мен дипломдық жұмыс жазуға әдістемелік көмек көрсету кіреді. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына, конференцияларға қатысуға, ғылыми баяндамалар дайындауға, ғылыми үйірмелерде жұмыс істеуге, мақалаларды ғылыми жетекшісімен бірлесе шығару мүмкіндігі мол.

Университетте студенттердің өзіндік ізденістері үшін барлық қажетті жағдайлар жасалынған, атап айтсақ: оқулық, оқу-әдістемелік құралдар, ғылыми әдебиетер және мерзімді басылымдармен қамтамасыз етілген ғылыми кітапхана; отандық және шетелдік базалары бар электронды кітапхана; тегін Интернет жүйесі; спорт залы; республика көлемінде өткізілетін спорттық және пәндік олимпиадаларға қатысу мүмкіндігі; студенттердің өзін-өзі басқару органдарына қатысуына мүмкіндік; ғылыми мақалаларын жариялау мүмкіндігі; университет ұйымдастырған студенттердің ғылыми байқауларына қатысу мүмкіндігі; университет жанынан құрылған спорттық секциялар мен шығармашылық клубтар жұмыстарына қатысу мүмкіндігі.

Ағымдық бақылау нәтижесінде студент емтиханға жіберу рейтингісін анықтайтын балл жинайды, оқу жетістігі нәтижелері ақпараттық жүйе модуліндегі электрондық журналға балдық жүйемен қойылады. Электрондық журналдың енгізілуі оқу процесі мен студенттің өзіндік жұмысын әлдеқайда белсенділендірді. Студенттің емтиханға жіберілу рейтингісі мен қорытынды рейтингісі автоматты түрде есептеледі және жинақтау ведомосында көрініс табады.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы жүйесін ұйымдастыру мен дамытудың негізгі мақсаты жоғары кәсіби білімі бар мамандардың ғылыми дайындық деңгейін көтеру, ЖОО-ның, еліміздегі басқа да мекемелері мен ұйымдарының педагогикалық және ғылыми кадрларын толықтыру үшін ғылыми-техникалық үдерістің, экономикалық ойлар мен мәдени дамудың жаңаша жетістіктерінің негізінде талантты жастарды анықтау болып табылады.

Кәсіби іс-тәжірибе жоғары білім беру бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады. 6B01701/5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасындағы іс-тәжірибенің оқу, педагогикалық және диплом алды іс-тәжірибе түрлерінің мерзімі мен мазмұны мамандықтың оқу-жұмыс бағдарламасы және іс-тәжірибе бағдарламасы негізінде анықталады. Іс-тәжірибенің барлық түрлері кредит өлшемімен бағаланады. 6B01701/5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдаламасында оқитын студенттердің іс-тәжірибелерін ұйымдастыру және өткізу деңгейі мен сапасы маман даярлаудың мақсаты мен талаптарына сай жүргізіледі.

Жезқазған қаласындағы мектептермен студенттерді кәсіби мамандыққа баулу, іс-тәжірибені өткізу мақсатымен келісім-шарт жасалынған. Іс-тәжірибе жетекшілігіне тәжірибелі, кәсіби біліктілігі жоғары мамандар тағайындалады. 6B01701/5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдаламасы бойынша іс-тәжірибе бағдарламалары мен әдістемелік нұсқаулар әзірленген.

Құзыреттілікке негізделген оқытудың модульдік технологиясы сақталған, әр оқу жылында модульдік анықтамалық құрастырылып отырады.

Модуль бойынша кредиттерді бөлуде білім алушының еңбек сыйымдылығы ескерілген. Еңбек сыйымдылығын есептеу үшін мониторингтер жүргізіліп, оның нәтижесі талқыланады.

Жоғары кәсіби білімі бар мамандардың ғылыми дайындық деңгейін көтеру, ЖОО-ның, еліміздегі басқа да мекемелер мен ұйымдардың педагогикалық және ғылыми кадрларын толықтыру үшін талантты жастарды анықтау үшін ғылыми үйірмелер ұйымдастырылуы керек.

Білім алушының жалпы мәдени және кәсіби күзiреттiлiктердi қалыптастыруға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмысы білім беру бағдарламасының міндетті элементі болып табылады. Есепте студенттерді ғылымға тарту үш түрлі формада (оқу жоспары мен жұмыс бағдарламаларына сәйкесінше оқыту кезеңінде жүргізілетін, оқу үдерісіне енгізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары, студенттердің оқудан тыс жүргізетін ғылыми-зерттеу жұмыстары, олимпиадаларға қатысуы) жүзеге асырылатындығы, ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау үдерісінде және оның нәтижелерін қорғау барысында студенттік топтарда, ғылыми үйірмелер отырысында, кафедрада жұмыс берушілер мен студенттердің алған білімдері мен қалыптасқан күзiреттiлiктер деңгейiн бағалай алатын ғалымдарды тарта отырып, кең талқылаулар жүргізілетіндігі, студенттердің халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференцияға, қатысқандығы жөнінде есепте айтылғанмен, сұхбат барысында қажетті жауаптарды ала алмадық.

#### ***Ескерту:***

1. 6B01701/5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын жетілдіре түсу мақсатында академиялық ұтқырлық бағдарламасы негізінде студенттердің инновациялық, заманауи технологияларды меңгеруіне мүмкіндік жасалғандығы, бірнеше ішкі, сыртқы ЖОО - мен осы мақсатта келісімшартқа отырғандықтары айтылады, алайда студенттердің алмасуы жайлы деректер жоқ, бұдан шығатын қорытынды: академиялық ұтқырлық мәселесі әлі ақсап жатқандығы. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша серіктес жоғары оқу орындары студенттерімен алмасу процесі әлі белсенді кезеңге өтпеген, өзара байланыс келісімшарттары дәлелдеме құжат ретінде ұсынылмады.

2. Кәсіби іс-тәжірибелерді ұйымдастыру мен өткізудің нақты талдауы жоқ, кәсіби іс-тәжірибеден өту барысында меңгерген біліктілік күзiреттiлiктері деңгейінің сапасы нақты көрсетілмеген, мониторинг жасалынбаған.

#### ***Жақсарту шаралары:***

1. Серіктес университеттермен студенттермен алмасудың тиімді жолдарын іздестіру, академиялық ұтқырлық бағдарламасын жолға қоюға ерекше назар аудару.

2. Студенттердің зерттеу дағдысын жетілдіру, республикалық, халықаралық деңгейдегі ғылыми жобаларға қатысу, оң нәтиже шығару мәселелерін жолға қою.

3. Кафедра филиалы жұмысын жандандыру, дуальді білім беру бағдарламасын жоспарлау, іске асыру ұсынылады.



4. Университетте ағымдық үлгерім, университет бітірушілердің білім сапасы, оқу пәндерінің өткізілу сапасы және берілген білімге қанағаттануына қатысты мониторинг жасау дәстүрі жандандырылсын. Студенттердің білім беру қызметінің сапасына қанағаттануы жайлы жүйелі түрде өткізілуге тиіс сауалнама түрлерін жетілдіру.

#### **СТАНДАРТ 4. БІЛМАЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМ, ТАЛУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ**

Еңбек нарығындағы тұтынушылардың сұранысына сәйкес университет білім беру нәтижелілігіне баға бере отырып, тұтынушылардың қажетін өтеуде жетістіктерге қол жеткізу үшін білім беруді жетілдірудің негізгі мақсаттарын айқындады.

6B01701/5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдаламасы бойынша білім бакалавры дәрежесін алған түлектер педагогикалық білім беру ұйымдарында, ғылыми зерттеу орталықтарында, мәдени мекемелерде, баспа орындарында, ұйымдастыру-басқару жүйесінде, мемлекеттік органдардың іс - қағаздары мен құжаттау бөлімдерінде қызмет атқара алады.

Білім беру нәтижелілігі көрсеткіштері талапкерлерді конкурс негізінде іріктеу талаптарының деңгейі, түлектердің білім беру стандарты талаптарын орындауына дайындық дәрежесі, түлектердің еңбек нарығындағы сұранысқа ие болуы, жұмыс берушілердің пікірлері негізінде бағаланады.

Кәсіби білім берудегі нәтижелілік еңбек нарығындағы ЖОО түлектерінің сұранысы арқылы көрінеді. Қоғамдағы әлеуметтік сұранысқа және жұмыс беруші талаптарына сай болуы үшін факультет түлектеріне түйіндеме әзірлеуге және басқа құжаттар жүргізу бойынша шеберлік сыныптары, жұмыс берушілермен ұтымды сұхбат жүргізу үшін оқыту семинарлары, оқытушылардың белгіленген ережелер мен сапасына сай іс-тәжірибе өтуі үшін жұмыс берушілермен келіссөз жүргізу ұйымдастырылады.

Білім беру сапасына тұтынушылардың қанағаттануы білім беру қызметі сапасын бағалаудың негізгі критерийі болып табылады. Тұтынушы тараптардың (жұмыс берушілердің) мамандар сапасы туралы көзқарасын анықтау үшін олардың арасында «Жұмыс берушінің түлектердің дайындық сапасына қанағаттануы» сауалнамасы жүргізіліп тұрады. Бітіруші түлектің кәсіби деңгейін сараптау мақсатында жүргізілген сауалнамалардағы жұмыс берушінің «олқы тұстары» деп атап көрсеткен тұстары түзетіліп, білім беру бағдарламасын жетілдіру мақсатына қолданылған. Олардың ұсынысымен жаңа пәндер енгізілген. Сауалнамада түлектердің практикалық дағдыларын күшейту, олардың заманауи компьютерлік бағдарламаларды игеруі, шетел тілін неғұрлым жетік меңгеруіне мүмкіндік жасау және т.б. ұсыныстар жасалынған.

Жазбаша жұмыстарды орындаудың дербестік дәрежесін бақылау мақсатында университетте мәтіндік құжаттарды тексеру жүйесі - «Антиплагиат» online жүйесі қолданылады.

Оқу жылы бойында маман даярлаушы кафедра бакалаврлар карьерасы мониторингін өткізеді, бітірушілер туралы мәліметтер қоры жасалған, жыл сайын жаңартылып отырады. Университетте жұмыс берушілермен байланысты нығайту мақсатында жұмыстар жүргізіліп, бітірушілерді жұмысқа орналастыру тақырыбында сұраныс-келісімдер жіберіліп, бос орындардың жәрмеңкесі ұйымдастырылады.

Бітірушінің білім сапасы, дағдысы, іскерлігі туралы жұмыс берушілерден сауалнамалар алынып, жетекші маман-практиктер диплом жұмысына рецензент, оппонент ретінде жұмылдырылады, сөйтіп жұмыс берушілер бітіру жұмысын ашық қорғауға қатысуға мүмкіндік алады. Бұл шаралар әлеуетті жұмыс берушілердің бос орындарға үздік бітірушілерді тартуына мүмкіндік туғызады.

Білім беру нәтижелілігі көрсеткіштерін бағалайтын түлектердің еңбек нарығындағы сұранысқа ие болуын дәлелдейтін құжаттар мен жұмыс берушілердің сұраныстары кафедрада жинақталған.

Мамандардың дайындық сапасын жақсарту мақсатында жұмыс берушілермен қарым-қатынас орныққан, жұмыс берушілер білім бағдарламасын құрастыру үдерісіне қатысып, өз ұсыныстарын жасайды, бұл жұмыс берушілермен сұхбат кезінде және қажетті құжаттар негізінде анықталды.

Білім алушылармен сұхбат кезінде 6B01701/5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдаламасының түлектері магистратурада, сонымен қатар жоо кейінгі және қосымша кәсіби білім бағдарламасында білімдерін жетілдіру мүмкіндіктері бар екендігі айтылды.

Білім беру бағдарламасы бойынша студенттер қабылдау тұрақталмаған, өткен оқу жылында мамандыққа қабылдау болмаған. Бұл кафедрада студенттер контингентін тарту, жинақтау, сақтауға бағытталған жүйенің әлсіздігін көрсетеді.

### ***Жақсарту шаралары:***

1. Оқуға қабылдау шарттарының нормативті талаптары, кәсіби бағдар жұмысының түрлері, жұртшылықты университеттің академиялық мүмкіндіктері туралы хабардар етуі, әлеуметтік қолдау механизмдері, атап айтқанда оқу ақысын төлеудегі жеңілдіктер, жатақханаға орналасудағы қолжетімді тарифтер, студенттерге арналған тұрмыстық кешен қызметтерін ұсынатын тұрақты түрде кәсіби бағдар жұмысы жүйелі жүргізілуі керек.

## **СТАНДАРТ 5. ПРОФЕССОР - ОҚЫТУШЫ ҚҰРАМЫ**

Профессор-оқытушылар құрамы университеттің міндеттерін жүзеге асыру және миссиясын қамтамасыз ету үшін басты ресурс болып табылады. Осыған байланысты ЖОО кадрларды іріктеуге, даярлауға және қайта даярлауға аса көңіл бөледі. Білім беру бағдарламасын іске асыру базалық білімі сәйкес және ғылыми немесе ғылыми-әдістемелік қызметпен жүйелі түрде айналысатын педагог кадрлармен қамтамасыз етілген.

Мамандыққа қызмет ететін ПОҚ-ты жұмысқа қабылдауда ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларында» көзделгендей білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары талаптарына сәйкестігі ескеріледі.

Мамандардың кадрлық әлеуеті оқытушылардың ғылыми және педагогикалық біліктілігі орта жасын, практикалық тәжірибесін, іскерлік белсенділігін, қызмет сапасын бірге есептегенде өз қызметіне даярлығын айқын көрсетеді.

Барлық пәндер бойынша білікті оқытушылар құрамының жеткіліктілігі білім алушыларға пән оқытушыларын таңдауға мүмкіндік береді.

Басшылық оқытушылар және қызметкерлермен жұмыс істеу барысында олардың кәсіби және жеке өсуі үшін жағдай жасауды басты назарда ұстайды. Бұған барлық оқытушылар үшін біліктілікті арттырудың кешенді жүйесін қалыптастыруға, қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге және университетте жағымды әлеуметтік ортаны дамытуға, оқытушылар мен қызметкерлердің қызметін материалдық және моральдық ынталандыру жүйесін жетілдіруге бағытталған шаралар кешенін жатқызуға болады.

